

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Креативті оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту жұмыстардың мазмұнын анықтау ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.03.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/151146/>

Жагипарова Венера Ергалиевна

Зерттеудің өзектілігі.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы және Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының қабылдануына байланысты Қазақстан ғылымы мен білім беру жүйесі өзінің жаңа даму кезеңін және жаңару үрдісін басынан кешіруде. Білім берудің ең негізгі, өзекті мәселесі — адамды жан-жақты етіп тұлғаландыру. Сондықтан бүгінгі білім берудің мақсаты мен мазмұны қазіргі заман талабына сай анықталуы керек.

Креативтілікті қалыптастыру мәселесі көптеген ғалым, педагог-психологтердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Қоғам дамуымен, философиялық және психологиялық ғылымдардың дамуымен креативтілікті қалыптастыру мәселесіне көзқарастар дамып өзгеріп отырды.

Түрлі психологиялық мектептер креативтілік феноменіне, танымдық қызығушылық, шығармашылық белсенділік, шығармашылық қабілеттерді зерттеуге деген өзіндік тәсілдерін ұсынды. Педагогиканың бүгінгі таңдағы жаңа нұсқасы, өз бетімен мәселені анықтап, шешім қабылдауға үйрету десе болады.

Креативті оқыту әдістемелері кез келген пәнге қолдануға мүмкіндік береді, ол үшін креативті оқыту әдістемесін жақсы меңгеру керек. Креативті оқыту бұл ғылымның оқушыларды шығармашылық шешім қабылдауға, яғни мәселені зерттеуге анықталған нақты шешім қабылдауға үйретеді.

Сол себепті, зерттеу жұмысының тақырыбын Креативті оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту деп таңдадық.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Креативті оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту жұмыстардың мазмұнын анықтау

ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу.

Зерттеу жұмыстың әдістері: Ғылыми әдебиеттер, баспасөз және әдістемелік еңбектерді оқып, сараптау.

I Оқу-тәрбие үдерісінде креативті оқыту технологиясын пайдаланудың теориялық негізі

Зерттеу еңбектеріндегі креативтілікке берілген анықтамаларға тоқталайық.

Е.Торренс креативтілік білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір мәселелерді шешудегі қабілеттілік деген анықтама береді. Ғалым креативтілік моделінің негізгі үш белгісін ұсынады:

- ой ұшқырлығы (нәтижелігі-өнімділігі);
- жағдаяттардағы икемділік;
- тұлғалық ерекшелік, өзіндік шешім.

Бұл тәсілде шығармашылық өлшемі нәтиже сапасы емес, шығармашылық өнімділікті белсендіріп, жандандыратын сипаттар мен үрдістер ретінде көрінеді.

Қандай да болмасын ұжым мүшесі, яғни жеке адам өзінің ішкі мәдениетін, сөйлеу немесе ойын жеткізу шеберліктерін ұдайы жетілдіріп отыруы міндет. Ол үшін өзінің білімін кітаптар мен жаңалықтар мен толықтырып, заман талабына сәйкес кәсіби мамандығындағы болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды қадағалап отырғаны жөн.

Қандай ортада болмасын адамды кәсіби дайындық деңгейімен қатар ұжыммен сыйыса білуі, яғни ортаға сіңіп кету өте маңызды. Егер әрбір жеке маман, мұғалім немесе ғалым өзі қызмет етіп жүрген саладағы болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды оқып, біліп, талдап жүретін болса, әруақытта болар қиындықтың алдын алуға және соған өзі басшылық ететін ұжымды, оқушыларды дайындап, алдын алады.

Жоғарыда аталып өткен мәселелерді шешуде, бүгінгі таңда қолданысқа енгізілген

креативті оқыту технологиясын дәріс берудің, яғни педагогикада әртүрлі әдістерді қолдану арқылы жеңіл іске асыруға болады, мысалы:

- 1) пассивті – оқушылар тыңдаушы және көруші ретінде қатынасады;
- 2) белсенді – оқушылар берілген тапсырма бойынша нақты мәселені талдайды және шешім қабылдайды;

3) интерактивті – екі жақты пікір – талас және нақты жағдайды талдау. Бұл әдістің

ерекшелігі мұғалім оқушыларды күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайларды ойын түрінде ұйымдастырып, тыңдаушылар сол жағдайдың қатынасушылары болулары арқылы, мәселені өздерінің жан дүниелері арқылы өткізіп, шешім қабылдауды үйренеді. Мұғалім осы ойынның қоюшысы және қатынасушылардың

кеңесшісі ретінде қатынасуы тиіс, ол үшін мұғалімге қойылатын талапта өте жоғары болатыны айқын.

Оқушылар мен мұғалімнің арасындағы қатынасты дұрыс және тиімді ұйымдастыра білу

оның кәсіби іс-әрекеті мен шеберлігіне сәйкес. Олай болар себебі кез келген жоғары техникалық оқу орындарында арнаулы бекітілген бір типті оқу-әдістемелік құралдар мен ережелер болғанымен, мұғалім мен оқушылардың немесе тыңдаушылардың арасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты болады, сол себепті, мұғалімдердің ұдайы түрде шығармашылық шеберлігін жетілдіру керек. Әрбір мұғалім өзінің ізденістері мен зерттеу жұмыстары арқылы оқу-әдістемелік құралдары мен материалдарын үздіксіз толықтырып, заман талаптарына сәйкестендіруі тиіс. Осы тұрғыда атап өтер бір мәселе ол мұғалімнің кәсіби ойлау мүмкіндігі, яғни өзі дәріс берер сабақтарды жетік меңгеруі және нақты технологиялардың, техникалардың даму үрдістерін қадағалап отыруы үлкен рол атқарады.

Жалпы кәсіби ойлау мүмкіндігі психология ғылымында адамның жалпы Креативті педагогиканың негізін ғылыми және оқыту шығармашылық әдістер құрайды.

Педагогиканың бүгінгі таңдағы жаңа нұсқасы, сонымен қатар осы уақытқа дейінгі келісім педагогикасына, міндеттеу педагогикасына ұқсамайтын оқушыны өз еркімен шығармашылыққа үйренуге, өз бетімен мәселені анықтап, шешім қабылдауға үйрету десе болады. Креативті оқыту әдістемелері кез келген пәнге қолдануға мүмкіндік береді, ол үшін креативті оқыту әдістемесін жақсы меңгеру керек. Креативті оқыту бұл ғылымның оқушыларды шығармашылық шешім қабылдауға, яғни мәселені зерттеуге, анықтауға, нақты шешім қабылдауға үйретеді. Ол үшін мұғалімнің шығармашылық дайындығы мен шеберлігінің деңгейінің биік болғаны жеткіліксіз, мұғалім өзінің білгенін оқушыларға жеткізе біліп, оларды нақты үрдісте толық қанды қатынасушы ретінде үйрете білуі міндет.

Басты міндет – кез-келген пәнді оқыту үрдісін шығармашылық туынды ретінде ұйымдастыра білу және соған барлық оқушыларды жұмылдыру.

Креативті педагогика мынадай әдістемелерді жинақтайды:

- шығармашылық сабақтары;
- техникалық туынды;
- психологиялық туынды;
- мәселені шешу шығармашылығы;
- шығармашылық бағыттағы оқыту бағдарламасы.

Осы тұрғыда креативті дәріс беру және ұйымдастыру шеберлігі бір мұғалімнен екінші

мұғалімге берілуі, яғни сол деңгейде ұйымдастырылып, тиімділігі сақталады

ма деген мәселе туындайды. Бұған нақты жауап жоқ дегенмен, оқытушылардың кәсіби дайындығына ойлау мүмкіндіктерінен байланыстылығын зерттеу психология ғылымының іргелі зерттеу жұмыстары болып табылады.

Жалпы креативтілік – жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігі, өзгелерден ерекше ойлау және шешім қабылдап, жаңа туындылар беруге бейімділігі деген пікір басымдылық алады. Американдық атақты психолог – А. Маслоу – бұл жайлы креативность – это творческая направленность, врожденно свойственная всем, но теряемая большинством под воздействием среды деп айтып кеткен. Бірақ бұл пікірге толықтай келісу мүмкін емес, олай сенімсіздік таныту себебі, дүниеге келген адамдардың барлығының ойлау, дүниетану және тапқырлық, шығармашылық мүмкіндіктері әрбір адамның қанымен келетін сияқты, мысалы қазақ бабаларымыздың текті және тексіз деген сөздерінің түпкі ұғымын қарсы қоюға болады. Өйткені бұрынғы ауыл ақсақалдары бір маңызы зор үлкен мәселелерді шешерде немесе қыз беріп, қыз алысарда, текті жерден бе, әлде тексіз бе деп сұраған және ол тексізден не сұрайсың деген сөздері ел ауызында сақталған.

Қорытынды. Демек, талдап отырған заманауи креативті тұлға немесе креативті маман

дайындау үшін, осы тектілік деген ұғымға тереңірек мән беру керек сияқты.

Қазіргі аласапыран жаһандану кезінде елімізді, жерімізді, халқымыздың тілін сақтап, ұлт ретінде қалғымыз келсе, бұрынғы ұрпақ алудағы және тәрбиелеудегі ата-дәстүрімізді кеңінен қолдануға міндеттіміз.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады. Бүгінгі педагогикада балаға оқу іс-әрекеті субъектісі, өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылған тұлға ретінде көзқарас қалыптасуда. Тұлға субъектілігі тану әлемін (мазмұнын, түрін, орындау формасын) таңдауымен, таңдау тұрақтылығымен, оқу материалын өңдеу тәсілімен, тану объектілеріне эмоционалды тұлғалық қарым-қатынасымен көрінеді. Бұнда маңызды құрам құраушылар болып оқушы мен мұғалімнің өзара әрекеті табылады, өйткені бұнда есте сақтау қызметі оқуынан ақыл-ой дамуы үрдісі оқытуына алмасуы жүреді, сонымен қатар әрбір оқушының субъективті тәжірибесінің көрініс тауып, қолданылуына көмектеседі. Ал ол өз кезегінде тұтас оқу әрекетін ұйымдастыру жолымен танудың тұлғалық мәнді тәсілдерін игеруге көмектеседі. Қорытындысында дамудың өмірлік әрекеттегі субъектілік тәжірибе факто-рына ерекше мән беріледі. Ол балада мектепке келгенге дейін жанұя, әлеуметтік мәдени қоршаған орта, олардың адам мен заттар, құбылыстар әлемін қабылдау және түсіну жағдайында меңгеріледі.

Бүгінгі күн талабына жауап бере алатын дидактикалық орта әр түрлі жаңа

технологиялар және ақпараттар легі толас-сыз жаңа нәтижеге ұмтылған инновациялық орта болып табылады. Ал дәл осы ортаны жасақтау қажеттігі келесі әлеуметтік және педагогикалық қажетті-ліктермен сипатталады:

— оқушының оқу әрекетінің және жеке өз өмірінің толық дәрежелі субъектісі ете отырып, ролін күшейту;

— оқушыда толассыз ақпарат әлемінде өзін-өзі ұйымдастыратын іс-әрекеті субъектісі сапаларын дамыту: нақты нәтижеге жеткізетін мақсат қоюда, өз әрекетін жүйелі жоспарлауда және оны жүзеге асыруда;

— оқу іс-әрекеті құралдарын, тәсілдерін, формаларын (жеке, топтық немесе ұжымдық) таңдау мүмкіндігі, өз бетінділігі;

— оқушының іс-әрекетінде субъектілік тәжірибесінің өзектеніп, басым мәнге ие болуы;

— қазіргі ақпараттық технологияларды өз қажетіне қарай күнделікті тұрмыста еркін қолдана алудың өзектенуі.

Орта - адамды тірлік етуінің, қалыптасуының және әрекет етуінің оны қоршаған қоғамдық, материалдық, рухани шарттары [5]. Орта кең мағынада (макро орта) қоғамдық -экономикалық жүйені — өндіріс күштері, қоғамдық қатынастар және институттар қоғамдық сана мен мәдениет, тұтастай қамтиды. Тар мағынада (микро орта) тікелей адамды қоршағандарды - жанұя, еңбек, оқу және т.б. ұжым және топтар [7].

Біліми орта - адамның біліми әрекетіне материалдық, рухани шарттар ұсынатын көп аспектілі, тұтас әлеуметтік психологиялық шындық, мақсатқа бағыт-талып дайындалған ақпаратқа және оның тәсілдерін зерттеуге адамның еніп кетуіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қажетті психологиялық педагогикалық шарттар жиынтығы [6].

Сол себептен де автордың пайым-дауынша, ақпараттық ортаны құруда алдын ала дайындалған, тұтынушының сұраны-сына сай бейімделген мәтіндік және иллюстративтік материалды ғана емес, сонымен бірге танымдық іс-әрекетті жобалайтын және жүргізетін техноло-гиялық негізін (әдістемесін, тәсілін, қазіргі оқыту құралдарын) бейнелену керек. Ақпараттық біліми орта үздіксіз өзгермелі, үйренушінің жеке ерекшеліктерін, қызығу-шылығын ескеруі қажет. Бұндай орта өз бетімен іздеу, міндетті қою және оны шешу жолдарын іздеуіне көмектесіп, адамның үздіксіз кәсіби және жалпы біліми жоспарда өсіп отыруына мүмкіндік беруі керек.

Бүгінгі білімнің негізгі шарты үйренушіде жаңаны, өзіне қызықтыны, өз оқыту траекториясын іздеу қажеттілігін қалыптастыру екенін ескерсек, біздіңше, ақпараттық біліми ортаны жоспарлауда басты шарт үйренушінің өз бетімен танымдық, ізденушілік әрекетке ұмты-лысын қамтамасыз ету болу қажет.

Аталған ортаға қатысты жасалынған сипаттамадан біз бүгінгі нәтижеге бағдарланған білім моделі жағдайында талапқа жауап беретін бірден-бір орта

бұл кредиттік оқыту жүйесіне негізделген біліми орта екенін анық көре аламыз. Сол себепті де біз өз зерттеуімізде бүгінгі ақпараттық қоғам сұранысын ескере отырып, бастауыш сынып оқушы-ларының қалыптастыруда қазіргі инновациялық технологияларды және деңгейлік тапсырмаларды кіріктірген оқу ортасын таңдадық және оның анықтамасын былайша тұжырымдадық: инновациялық біліми орта — бұл педагогикалық технологияны қазіргі ақпараттық технологиялармен кіріктіре қолдану негізінде, оқушылардың педагогикалық-психологиялық және этнопсихологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қалыптастыруға бағытталып, тұлғалық және бағдарлы нәтижеге бағдарланған орта.

Сол себепті басты ерекшелігі: біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай оларды ерекше қызықтырып, ынталандыратын құрал қазіргі ақпараттық технологиялар мен нәтижеге бағытталған құрал болып табылатын педагогикалық технологияның өзара ұштастырыла қолданылуы; екіншіден, қазақ балаларына тән этнопсихологиялық ерекшеліктерді ескеруі; үшіншіден, оқу үрдісінің негізіне тұлғалық-бағдарлы оқытудың дидактикалық қағидалары басшылыққа алынуы; төртіншіден, оқушыларды деңгейлік тапсырмалар арқылы әр оқушының мемлекеттік стандарт талабы деңгейінде білім алуын нақты қамтамасыз етуі.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық ортамыздың маңызды құрамдас бөлімі болып қоршаған әлемді және біліми саласын ғылыми меңгеру тәсілдерімен байланысты пәндік біліми салаларды кіріктіру болып табылады. Пәндік орта кіріктіруін жүзеге асырып қана біз бастауыш сынып оқушыларына қажетті ортаны ұйымдастыра алатынымыз сөзсіз және оған жүргізілген зерттеу жұмыстары да дәлел бола алады. Шынында бұл мәселенің шешімі оқытушының кәсіп-керлік шынайы іске асыруға тән сол бір ішкі объективті қайшылықты анықтаумен байланысты.

Педагогикалық жаңалық – жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық үрдіс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы. Дәстүрлі оқу пәндерінде шоғырландырылған мақсат пен міндеттер қойылмайды, пәнді меңгерудің басты міндеті болып, ғылыми міндеттерді фотографиялық түрде меңгерту, көбінесе есте сақтау мен қайта жаңғырту деңгейінде (кей-кезде ойлау қабілетінің қатынасынсыз) ғана қалады. Оқытушы-лардың жұмыс тәжірибелерін зерттеу, когнитивті ауқымдағы (Б. Блум) білім беру мақсатының технологиясымен сәйкес, оқытушының зейіні мен меңгерілген материалды Білімділігіне және Түсінік-тілігіне шоғырланады, ал талдау-жинақ-тауға, оқушылардың әрекетін өздік баға-лауына, оқытушы іс-әрекетіне аз деңгейде назар аударылатынын көрсетіледі.

Оқытушының инновациялық іс-әрекеті өз қызметіне жаңа технологияларды

енгізуі. Білім беру жүйесінде қазіргі технологиялардың сан алауан түрлері бар. Оқыту технологияларын таңдау үшін педагог педагогикалық үрдіс факторларын ескеру қажет деп көрсетеді Д.В. Чернилевский. Ол факторлар: — біліктілік сипатына енген кәсіби іскерліктерді меңгертуге арналған оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктері; — педагогикалық үрдістегі оқыту ақпараты функциясы (оқыту, диагно-стикалық бақылау); — оқыту ақпаратының мақсаттылық белгісі (танымдық, әрекеттік типте); — оқушылардың мүмкіншілігі (әдіс-темелік біліктілік деңгейі, оқыту үрдісінің әдістемелік техникалық жабдықталуы); — уақыт мүмкіндігі (ұзақтығы - 45 мин артық, қысқа уақыт көлемі - 45 минуттан кем) [1].

Материалды түсіндіру әдісін таңдау әдістерінің тиімділігі өз кезеңінде, оқыту мақсатына жету мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Оқытудың басты мақсаты, материалдарды түсіндіруде білім мазмұнының объектісі мен әрекеттерін және студенттердің логикалық шығарма-шылық іскерліктерін дамыту. Бірінші мақсатта - білім мазмұнын түсіндіру - дайын білімді хабарлаудағы тиімді әдістемелерге ақпараттық және пробле-малық мазмұндау жатады. Басқа да жағдайларда, егер білім мазмұны нақты әрі толық болса, басқа әдістемелерге қарағанда түсіндіру әдісі жиі қолданылады. Сонымен қатар, белгілі мөлшерде логикалық іскерліктерді дамытуға жағдай жасалады, өйткені мазмұнды айқындауда репродук-тивті қажеттілік қарастырылған. Бірақ, логикалық іскерліктерді белсенді дамытуда және қандай да шығармашылық тәсілді дамытуда дайын білімді хабарлауға жағдай жасалмайды. Екінші мақсатқа жетуде баяндау әдістемесінің мүмкіншіліктері жоқтың қасы.

Логикалық және шығармашылық іскерліктерді дамыту дедуктивті өргізу мен эвристикалық ізденіс әдістерін қолданғанда тиімді болады. Бірақ бұл әдіс оқытушылар мен студенттердің көп уақытын алады. Әсіресе, эвристикалық ізденіс арқылы түсіндіру әдісі. Сондықтан да, қажетті материалды түсіндіруде басқарылатын эвристикалық ізденіс әдісін шығар-машылық ойлауды дамыту мақсатында қолдану керек.

Дедуктивті өргізу көп уақыт алса да, мүмкіндігінше дайын білімді баяндаудан гөрі жалпылау ретінде үнемі қолданылуы қажет. Материалдарды түсіндіру үшін барлық әдістер қолданылуы керек, бірақ әр түрлі жиілікте. Ең бастысы дедуктивті өргізу және ақпаратты және проблеманы мазмұндау, эвристикалық ізденіс әдістемесі материалдың 15-20% түсіндіруде қолданы-лады да шығармашылық ойлауды дамытуда маңызды және міндетті роль атқарады. Инновациялық бағдар оқытушының кәсіби педагогикалық мәдениетін қалыптастыру іс-әрекетке ойлап табу, меңгеру, педагогикалық жаңалықтарды оқыту

практикасында қолдану, инновациялық аймақ тудыру.

Инновациялық бағдардың педагогикалық іс-әрекетте қажеттілігі төмендегідей:

- 1) Әлеументтік-экономикалық өзге-рістер, білім беру жүйесінің әдіснамасын оқыту үрдісін ұйымдастыру техноло-гияларын түбегейлі өзгерту қажеттілігін тудыруда. Инновациялық бағдарлылық білім беру жүйесінің жаңарту құралы болып табылады.
- 2) Білім беруді ізгілендіруді нығайту, білім жүйесіндегі түрлі өзгерістер үнемі жаңаны ұйымдастыру түрлерін, оқыту технологияларын қажет етеді.
- 3) Педагогтердің педагогикалық жаңалықтарды меңгеру және қолдану факторының өзіне қарым-қатынастарының өзгеруі оқу-тәрбие үрдісінің мазмұнының қатаң регламентіне тек педагогикалық әрекетте дәстүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға ғана мүмкіндік береді. Егер, бұрын инновациялық іс-әрекет жоғарыдан ұсынылған жаңалықтарды қолдану болса, қазір таңдау зерттеушілік мүмкіндігіне ие.

Оқушыларға ақыл-ой және дене-күшіне жүктемені өлшеу. Сонымен қорыта келе, кез келген технология кез келген педагогтің қолданылуында тиімді нәтижеге жеткізе бермейді. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметінде жеке шығармашылық тұжырымдамасының қалып-тасуын, жеке бастың педагогикалық құндылықтар мен технологияларды меңгеруін, педагогикалық жаңалықтарды іске асыру үрдісін өздігінен ұйымдастыру, жаңалықтарды, енгізуде мұғалімнің өзіндік жеке стилінің болуы, инновациялық ортаның қалыптасуы инновациялық типтегі оқу орындарында өтілетін экспери-менттерге қатыстыру, жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды қолдану жолдарын меңгертуді қажет етеді. Сонымен жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, А.В. Морозовтың анық-тамасына сүйеніп: Инновациялы-креативті ортаның мәні педагогикалық үрдістің мағынасын шешудегі шығар-машылық және жасампаздық тұрғыдағы тұлғаның қызығушылығы мен құнды-лықтары оқу іс-әрекетінің басты компо-ненті болып ұйымдастырылуы, – деп қарастыраған жөн.

Бұл анықтама жобалап оқыту тұжырымдамасының авторы Г.Л. Ильинаның анықтамасына жуық. Бірақ, В.А. Морозов анықтамасында инно-вациялы-креативті іс-әрекеттің шығар-машылық және жасампаздық тұрғысын оқушы мен оқушы арасында қалыптастыруды негізге алады. Бұл ұстанымды жүзеге асыруда төмендегі принциптерді басшылыққа алады:

- 1) Оқытушы тұлғасы оқыту үрдісінде басты элемент ретінде қарастырылады, осыған қарамастан оның оқушыға өзіне-өзінің позициясы өзгерді. Оқытушы пәндік ақпаратты жеткізуші емес, дәстүрмен қағиданы сақтаушы, оқушының тұлғалық дамуы мен қалыптасуына көмекші. Оқушыға әсер ету, басқару сипаты өзгереді. Авторитарлы билік позициясы, үлкендік және күшті құқысы жоғалады. Орнына серіктестік позициясы, демокра-тиялық қарым-қатынас орынайды. Сонымен қатар, оқушының да нәтижеге деген бағдары өзгереді, баға алудан

белсенді қарым-қатынасқа бағдарланады.

2) Білім функциясы жағынан оның ұйымдастыру тәсілі мен меңгеру өзгеріске ұшырайды. Білім біздің қоғамымызда үшінші орындағы әлеументтік күш орынынан адамға қазіргі өркениет пен мәдениеттен орын алуға, қазіргі ақпаратты қоғамды жүйелі, пәнаралық, жалпылық мәнге ие етеді.

3) Бірінші жоспарда әлеументтік табиғатқа барлық оқытуда тұлғаны дамыту, жеке дара емес, топтық формада өзара әсер ету, тұлғалық қарым-қатынас пен ұжымдық субъектіден жеке даралықты өсіру, бірлескен шығармашылық байланыс орынату.

Басқаша айтқанда, инновациялы-креативті білім беру жүйесіндегі негізгі

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.